

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының "
Қосылған құнға салынатын салықты есептеу мен төлеудің тәртібі туралы"
26.06.95 ж. N 77 Нұсқаулығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 1995 жылғы 5 шілде N 77. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 16 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 8. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасының K010209_ Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

10. "Қосылған құн салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 26 маусымдағы N 37 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1998 жылғы 29 желтоқсандағы N 364 V950008_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы "
Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 21.12.95 ж. Заң күші бар N 2703 U952703_ Жарлығын орындау мақсатында жоғарыда аталған нұсқаулыққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізеді:

1. IV тараудың 12-тармағындағы "ең төменгі айлық жалақының" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіштің" (төменде келтірілген есептеу мысалдарына сәйкес)

деген сөздермен ауыстырылсын;

2. IX тараудың 31-тармағы:

мынадай мазмұндағы жаңа 8) тармақшасымен толықтырылсын:

"8) геологиялық барлау және геологиялық іздестіру жұмыстары";

8), 9), 10) тармақшалары тиісінше 9), 10), 11) тармақшалар болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) бюджет қаржылары есебінен сатып алынған және мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар сырттан әкелетін тауарлар импорты, сондай-ақ мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілген шетелдік кредиттік арналар бойынша сатып алынған тауарлар импорты".

3. XIII тарау және 38- тармақ алынып тасталсын.

4. ХҮІІІ т а р а у д а :

54-тармақтың бірінші абзацы "тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын жабдықтар мен дәрі-дәрмектердің импорты бойынша қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушілер төлеуге тиісті қосылған құнға салынатын салықты қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 55-"а" тармақпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша жабдықтар мен дәрі-дәрмектердің импорты жөніндегі қосылған құнға салынатын салықты қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушілер Қазақстан Республикасының Кеден комитетімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы белгілейтін тәртіпте төлейді.

Кеден органдары аталған тауарларды (жабдықтарды, дәрі-дәрмектерді) еркін айналыс үшін шығаруды салық төлеуші салық органы берген және оның қосылған құнға салынатын салық төлеуші ретінде тіркелгенін дәлелдейтін анықтама берген жағдайда, сондай-ақ қосылған құнға салынатын салық жөнінде салық декларациясында қосылған құнға салынатын салықтың кеден рәсімдеуі кезінде төленбеген сомасын көрсету жөнінде міндеттеме толтырғанда қосылған

құнға салынатын салық төлетпей жүргізеді".

5. XIX тараудың 57-тармағындағы "ең төменгі айлық жалақы" деген сөздер "айлық есепті көрсеткіш" (төменде келтірілген есептеу мысалына сәйкес) деген сөздермен ауыстырылсын.

6. Осы өзгертулер мен толықтырулар 1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Бас салық инспекциясының
бастығы, салық қызметінің 1-дәрежелі
Мемлекеттік кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК